



Директоры Козыбаев Жаксылык  
Акилбекович

## ТҮРКИСТАН ОБЛЫСЫ КЕЛЕС АУДАНЫ АБАЙ АУЫЛЫ «№13 КОЛЛЕДЖ» МКҚК

### Тарихы мен тағлымы мол білім ордасы

Білім – біліктілікке жеткізер баспалдақ,  
ал біліктілік – сол білімді іске асыра білу дағдысы  
**Ахмет Байтұрсынов**

**К**әсіптік білім беру жүйесі – қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай-ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Жастарға кәсіптік-техникалық білім беру, нарық қатынасын орнықтыру, шағын және орта бизнесті дамыту, бәсекелестікке төтеп бере алатын, жан-жақты іскер жұмысшы мамандарын даярлау - бүгінгі күн талабы.

Колледж миссиясы: Дамыған өндіріске еркін қалыптасатын, бәсекеге қабілетті кәсіби жұмысшы мамандар даярлау.

Киелі Келес өңірінде орналасқан «№13 колледж» ұжымы бәсекеге қабілетті жұмысшы кадр-

лар даярлау ісінде жемісті еңбек етіп, ұрпақ тәрбиесіне сүбелі үлестерін қосып, ел тәуелсіздігі тұғырын бекемдеуге, ұлттық рухы асқақ, жасампаз еңбек пен білімді, өнер мен мәдениетті, салауатты өмір мен адамгершілікті мұрат еткен, бірлік пен ынтымақты ардақ тұтқан жастарды тұлға етіп қалыптастыру ісінде жемісті еңбек етіп келеді.

60-жылдық тарихы бар білім беру ұйымының атауы бірнеше рет өзгертілді. Осы уақыт ішінде басқарған басшылардың өз кезеңінде білім беру ұйымының қалыптасуына, дамуына, жаңа мамандықтардың ашылуына, материалдық-техникалық базаның жетілуіне қосқан еселі еңбектері мол.

1961 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Келес ауданы, Ғани Мұратбаев атындағы совхозының «Көгертү» елді мекенінде №186 ауыл шаруашылығы механизацияландырылған училищесі болып құрылған.

1984 жылы Шымкент кәсіптік-техникалық білім беру басқармасының бұйрығына сәйкес №35 кәсіптік техникалық училищесі болып өзгертілді. 1988 жылы Келес ауданының орта-

лығы Абай ауылына көшірілді. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2003 жылғы қаулысымен №13 кәсіптік техникалық мектебі деп аталды. 2008 жылы 28 қаңтарда ОҚО әкімінің №1-210 қаулысымен «№13 кәсіптік лицей» МКҚК болып ауыстырылды.

2013 жылдың қаңтар айынан бастап «№13 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып өзгертілді. Осы 60 жыл ішінде колледжді басқарған білікті басшылар:

Болғанбай Қуандықов 1961 жылы маусым айынан 1965 жылдың қаңтар айына дейін және 1966 жылдың ақпан айынан 1970 жылдың желтоқсан айының соңына дейін училище директоры қызметін атқарған. 1965-1970 жылдар аралығында Келес аудандық кеңесіне депутат болды. 1966 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 1976 жылы «Еңбек белсенділігі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған.

Құрманәлі Мамасеріков 1965 жылдың қаңтар айынан 1966 жылдың ақпан айына дейін училище директоры қызметін атқарған. 1964-1965 жылдары «Кәсіптік білім беру үздігі», «Тың жерді игергені үшін», «Еңбектегі белсенділігі үшін» медальдарының иегері.

Абубакір Әбентаев 1971 жылдың қаңтар айынан 1975 жылдың наурыз айына дейін училище директоры болған. «Тың жерді игергені үшін» медальдарымен марапатталған.

Қожанберген Шалбаев 1975 жылдың мамыр айынан 1979 жылдың қыркүйек айына дейін қызмет жасаған. 1966 жылы «Тың жерлерді игергені үшін», «Ұлы жеңістің 30 жылдығы», «Еңбек белсенділігі үшін» медальдарымен марапатталған.

Абутәліп Абдәлиев 1979 жылдың қазан айынан 1981 жылдың қаңтар айына дейін училище директоры болған. 1961 жылы ВЛКЖО Орталық Комитетінің грамотасымен марапатталған. 1984 жылы «Қазақ КСРО-ның Халық ағарту ісінің үздігі» құрметті атағын алған. «Еңбектегі





жетістігі үшін» ВХШЖК-нің қола медалімен марапатталған.

Ерғали Нұрмағанбетов 1982 жылдың ақпан айынан 1988 жылдың қараша айына дейін училище директоры қызметін атқарған. 1966 жылы «Тың жерді игергені үшін» медалімен, 1976 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, 1970 жылы «Қазақ КСРО Еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағы берілген. 1988 жылы училищенің Келес ауданы орталығы Абай ауылында жаңа ғимараттың салынуына белсенділік танытқан Ерғали Нұрмағанбетовтың еңбегі өте орасан.

Есенов 1988 жылдың қараша айынан 1996 жылдың желтоқсан айына дейін кәсіптік мектеп директоры болып қызмет етті. 1966 жылы «Еңбек Даңқы», 1973 жылы «Еңбек Қызыл Ту», 1974 жылы «Халықтар Достығы» ордендерімен, «Тың жерлерді игергені үшін» медальдарының иегері.

Абрек Оспанов 1996-2005 жылдары аралығында кәсіптік мектеп директоры қызметін атқарған. 1989 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Орталық атқару комитетінің «Құрмет» грамотасымен, 1999 жыл «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі» атағымен, 2005 жылы Қазақстан Республикасы «Білім беру саласының құрметті қызметкері» атағымен марапатталған.

Қуандық Аликулов 2005-2006 жылдары аралығында кәсіптік лицей директоры қызметін атқарған. 2001 жылы «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» төсбелгісімен, 2001 жыл Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен, 2011 жылы «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы» төсбелгісімен марапатталған.

Алдияров Егенберді Нұрматханұлы осы ұжымда 35 жылға жуық еңбек етті. №186 Келес кәсіптік техникалық училищесінде еңбек жолын 1981 жылдың 6 қаңтарынан арнайы пән оқытушы болудан бастаған. 1982 жылы тамыз айынан 1992 жылдың 4 желтоқсан айына дейін аға шебер, 1992 жылдың 4 желтоқсанынан 2007 жылдың 8 қаңтарына дейін директордың өндірістік оқыту жөніндегі орынбасары қызметін атқарған, ал 2007 жылдың 8 қаңтарынан №13 колледж

директоры қызметіне тағайындалған. 2018 жылдың қараша айынан зейнеткерлік демалыста. Кәсіптік білім беру саласында тәжірбиесі мол ұстаз, білікті маман, өте іскер басшы болды.

1990 жыл Қазақ КСР Халыққа білім беру министрлігі «Қазақ КСР кәсіптік-техникалық білім беру ісінің озық қызметкері» белгісі, 1996 жылы Білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» атанған болса,

2001 жылы Оңтүстік Қазақстан облыс әкімінің Алғыс хаты;

2008 жылы Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері төсбелгісі;

2011 жылы Облыс әкімі- «Нұр Отан» ХДП Алғыс хаты;

2011 жылы Облыстық Кәсіподақ ұйымынан «Кәсіподаққа еңбегі сіңген қызметкері» төсбелгісімен, 2013 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының «Құрмет грамотасымен», 2018 жылы «Ыбырай Алтынсарин медалімен» марапатталған.

2019 жылдың ақпан айынан бастап Қозыбаев Жаксылық Акилбекович директор болып тағайындалды. 1979 жылы Қарағанды кооперативті институтына түсіп, 1983 жылы «Бухгалтер-экономист» мамандығын алып шыққан. 1983 жылы Тараз қаласы Гродековский СРК бухгалтер қызметінен еңбек жолын бастады. 2005 жылдан бастап «№13 колледж» МКҚК бас есепші қызметтерін атқарды. 2019 жылы «Silkway» Халықаралық университетінің «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша білімін толықтырды. «Ерен еңбегі үшін» медалімен және Түркістан облысы Білім басқармасына қарасты мекеме қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ қоғамдық бірлестігінің Құрмет грамотасымен және Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Алғыс хатымен, 2022 жылы «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған.

Өзінің ұстаздық жолында жастарға сапалы білім мен саналы тәрбие берумен қатар, салауатты өмір салтын насихаттап, өзінің білімділігімен инновациялық технологияларды қолдануда оқушылардың білім сапасын жетілдіруде және шығармашылық деңгейін арттыруда ұзақ жылдар осы салада еңбек етіп келе жатқан ұстаздар мен қызметкерлер ұжымда көп. Атап айтатын болсақ: С.Икрамов, Қ.Бөкенбаев, Б.Дүйсенова, М.Аденбеков, С.Ходжакедиев, Г.Садыкова,







Б.Ахметова, Қ.Қобланов, Р.Мирзахметова, З.Рахимова, Г.Қурманқұлова, Н.Ташкенбаева, А.Аликулов, А.Мұртазаева, Н.Бекбаев, Б.Қожабеков, Ж.Мұртазаева, Т.Бабашова т.б.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің модернизациялануы педагогтардан жаңашылдықты, оқу-тәрбие үдерісіне креативті көзқарасты, сабақта заманауи технологияларды тиімді пайдалануды талап етеді.

Бүгінде колледж 6 мамандық 13 біліктілік бойынша жұмысшы мамандар даярлауда:

1. 07161300 – «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану»
2. 071505500 – «Дәнекерлеу ісі»
3. 06120100 – «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер»
4. 10130300 – «Тамақтандыруды ұйымдастыру»
5. 07161600 – «Ауыл шаруашылығын механикаландыру»
6. 0720100 – «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу»

Колледж заман талабына сай ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен жабдықталып, соңғы үлгідегі компьютерлер, мультимедиялық подиум, интербелсенді тақталармен қамтылып, жоғары жылдамдықтағы ғаламтор желісіне қосылған. Сондай-ақ, оқу орнында тігінші мамандығы бойынша 3 тігін шеберхана жұмыс істейді. Шеберхана компьютерлі кестелеу машиналары, шет тоқитын тігін машинасы, «Японе» электрлі тігін машиналары, жеңіл және орташа материалдарға арналған жоғары жылдамдықтағы «Turical» әмбебап машиналарымен қамтылған. Ауыл шаруашылығы және техникалық мамандықтар бойынша материалдық-техникалық база жыл санап жаңарып келеді.

Қазіргі уақытта жалпы мекемеде 28 оқу кабинеті, 4 шеберхана, 3 зертхана, 1 автодром, 4 компьютерлік сынып талапқа сәйкес жабдықталған. Сонымен бірге колледж жанында 240 орынды жатақхана, асхана, мәдениет үйі, 2 спорт зал жұмыс істейді.

Білім ордасы бүгінгі күнге дейін 23 000-ға жуық жұмысшы кадрлар дайындады. Жұмысшы кадрлар дайындау барысында 56 жұмыс беруші кәсіпорындармен келісім шарт жасалып, 3 жақты меморандумға қол қойылған. Соңғы 5 жылда түлектерді жұмысқа орналастырудың орташа көрсеткіші 78,5%-ды құрады.



Колледж түлектері үшін негізгі жұмыс берушілер: «Partners Product LTD» ЖШС, «Жаңа қоныс» ЖШС, «Умаров Н.Д» ЖШС, «Алдияров» ЖК, «Дихан» ФШ, «Байтерек АБ» ЖШС, «Бердиқұлова М» ЖК, «Ауес» ӨК, «Медетова С.Х» ЖК, «Азие» ЖШС, «Абай автобус парк» «Арна и К» ЖШС, «Келес» ТК және т.б. Әлеуметтік – әріптестердің қызметі колледж оқушыларының теория мен практиканы ұштастырып, өндірістік іс-тәжірибеден өтуге ықпал етеді.

Бітірушілерді жұмысқа орналастыруда аудандық жұмыспен қамту орталығымен, аймақтық Кәсіпкерлер палатасымен және әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастық орнатылған.

Колледж стратегиялық даму жоспарын басшылыққа алып жұмыстар жүргізеді. Колледжде әдістемелік кеңес пен 7 әдістемелік пән бірлестіктері жұмыс істейді: «Автомеханик», «Дәнекерлеу ісі», «Фермер», «Тігінші», «Ізгілікті пәндер», «Ақпараттық технологиялар және жаратылыстану», «Топ жетекшілері». Шығармашылықпен шұғылданады. Колледж ұжымы ауыл, аудан, облыс, республикалық іс-шараларға белсене қатысады.

Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының қаржы-экономикалық көрсеткіштері бойынша саралау нәтижесінде, мемлекеттік кәсіпорындары арасындағы алтын рейтинг «Гордость Образования-2018» атағымен марапатталды.

Сарыағаш ауданы әкімшілігінің қолдауымен өткен «Үздік колледж-2018» жиынында білім беру ұйымы «Үздік колледж» Алғыс хатымен марапатталса, инновациялық жобалар көрмесінде аталмыш мекеме бас жүлдеге ие болды.

2018 жылы 4 мамыр айында Өзбекстан Республикасымен әлеуметтік-әріптестік байланыс орнатылған. «№13 колледж» Өзбекстан Республикасы Ташкент қаласының «Сергелі кәсіптік поли-





техникалық» колледжімен 5 жыл мерзімге «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша тәжірибе алмасу мақсатында келісім-шарт жасады.

2019 жылы 22 қазанда Ташкент құрылыс және кәсіптік қолөнер колледжі «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығы, Ташкент туризм колледжімен «Аспаз ісі» мамандығы бойынша 5 жылға меморандумға қол қойылған.

2020 жылдың 29 қаңтарда Қонақжай шаруашылығының Ташкент кәсіптік колледжімен «Аспаз» мамандығы бойынша тәжірибе алмасу мақсатында 5 жылға келісім-шарт жасалған.

2020 жылдың ақпан айында Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында «Дуальды оқыту жүйесінің шетелдік және қазақстандық озық тәжірибелерімен» бөлісуде, Өзбекстан Республикасымен әлеуметтік-әріптестік орнату мақсатында «Ташкент құрылыс



және кәсіптік өнер» колледжі студенттері және біздің №13 колледж студенттері арасында «Білім беру үрдісінде жаңа инновациялық технологияларды тиімді пайдалану және педагогтардың кәсіби шеберлігін жетілдіруде әдістемелік қолдау жасау және тәжірибе алмасу» тақырыбында тәжірибелік семинар, шеберлік сабақтары өткізілді.

Білім алушылар облыстық деңгейде «Worldskills-19» аймақтық чемпионатына қатысып жүлделі орындарға ие болуда. Мысалы, «Инженерлік графика-CAD» құзыреттілігі бойынша Оңғар Мейржан жүлделі III орынға, «Ауыл шаруашылығы машиналары мен тракторларды жөндеуші слесарь» біліктілігі бойынша Рустам Бейбарыс III орынға ие болды. «Инженерлік графика-CAD» құзыреттілігі бойынша білікті оқытушы Аринов Тонгичбай облыстық «World skills» аймақтық чемпионатының бас сарапшысы, сонымен бірге ұдайы шәкірттер баулуда.

«WORLD SKILLS TURKESTAN-2019» облыстық чемпионаты аясында ұйымдастырылған «Жыл шебері-2019» инновациялық жобалар көрмесінде озық жобаларымен өндірістік оқыту шебері Қуаныш Рустемов пен шәкірті Бекзат Түймебайдың «Ретро электромобиль-13» автокөлігі бас жүлдені иеленсе, Кентау қаласында өткен «Веб дизайн және әзірлемесі» құзіреттілігі бойынша Р.Мирзахметова жетекшілік еткен Бағдаулет Жақсылық есімді студент II орынға табан тіреді.

«Түркістан ART Fest» атты байқауда колледждің жас маманы Ж.Нысанова жүлделі II орын иегері атанса, «Үздік колледж оқытушысы-2019» облыстық байқауында «Жеңіл автомобильдерді жөндеу және қызмет көрсету» құзіреттілігі бойынша арнайы пән оқытушысы М.Аденбеков II орын, «Ауыл шаруашылығы машиналары мен тракторларды жөндеуші слесарь» мамандығы бойынша С.Ходжагельдиев III орын, IT саласының арнайы пән оқытушысы Г.Зульпухарова III орынға ие болып, арнайы дипломдармен марапатталған. Ал, облыстық «Үздік сәнгер дефиле-2019» сайысында колледж қыздары II орынға ие болса, арнайы пән оқытушысы Малика Маемерова «Үздік тігінші-2019» байқауында «Креативті шебер» номинациясының иегері атанды.



Сондай-ақ, «Ең үздік жас механизатор-2019» облыстық байқауында III курс студенті Маханбетәлі Сапар I орынды қанжығасына байласа, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері арасында өткізілген «Үздік механизатор-2018» сайысында өндірістік оқыту шебері Қ.Қобланов I орынды жеңіп алды.

2019 жылы Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы мен Түркістан облысының әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының басшыларының арасында өткізілген "Табысты менеджер -2019" облыстық байқауында №13 колледж басшысы Козыбаев Жақсылық Акилбекович I орынға ие болды.

2020-2021 оқу жылында студенттер «Түркістан - көне мен келешектің көпірі» атты облыстық өнер фестивалінде жүлделі II орынға ие болды. Іс-шараға қолдау көрсеткені үшін колледжіміздің директоры Козыбаев Жаксылық Акилбекович, жастар істері жөніндегі инспектор Мамбетов Ербол Әбдіманапұлы, Ұстаздардан: Муртазаева Ақмарал Кенжеқызы, Абдукадирова Сұлуай, Бердибаева Маржан Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы басшысының алғыс хатымен марапатталды.

2021-2022 оқу жылының қараша айында Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай "БЛІМДІ ҰРПАҚ - ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ ТІРЕГІ" атты облыстық жастар форумы аясында өткен "Тәуелсіз елдің білімді ұрпағы" интеллектуалды сайысының "Kaһoot" квест ойындарында 3 курс студенттері Құдайберген Балғынбек Байырбекұлы жүлделі II орын иеленді. "Дәнекерлеу ісі" мамандығы бойынша қатысқан Расул Орынбек "Мамандығым - мақтанышым" сайысы бойынша арнайы Алғыс хатпен марапатталды.

«WORLD SKILLS» халықаралық қозғалысын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы №99 бұйрығына сәйкес, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының ұйымдастыруымен 2022 жылғы 31 мамыр – 3 маусым күндері аралығында облыстағы жалпы он төрт колледждің базасында «WORLD SKILLS TURKISTAN-2022» өңірлік кәсіби шеберлік байқауы болып өтті. Чемпионатқа 59 құзыреттілік бойынша 294 студент қатысты. 30 мамыр күні колледжіміздің директоры Қозыбаев Жақсылық Ақылбекұлы барша жарысқа қатысушылармен олардың сарапшыларына ақ жол тілеп, үміт артып шығарып салған болатын.

Сол үмітті ақтауда шәкірттеріміз бен олардың жетекшілері аянбай еңбек етті. Ашылу салтанатына дайындалған көрмеміз көрермендер көзайымына айналды. Өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пән оқытушылары дайындаған «AUTO CAMP» жеңіл авто көлігі облыстық көрменің ажарын ашса, «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығы бойынша дайындаған «Дефиле шоуымызды» мың бұралған қыздарымыз чемпионаттың ашылу салтанатын қыздыра түсті. «Аспаз ісі» мамандығының ұстаздары дайындаған дастарханнан дәм татып өткен барша қонақтар колледж басшылығына ыстық ықыластарын білдірді. Келес ауданының намысын қорғауда киелі қара шаңырақ №13 колледж педагогтері өздерінің кәсіби шеберлігімен облыстық чемпионатта жоғары орыннан көріне білді. 40-қа жуық колледждер арасында өткен Чемпионатта №13 колледжден «Графикалық дизайн», «Жеңіл автокөлікті жөндеу және техникалық қызмет көрсету», «Желілік және жүйелік әкімшілік», «Дәнекерлеу технологиялары», «Аспаз ісі», «Сән технологиясы», «Ауыл шаруашылығы машиналарын жөндеуші», «CAD инженерлік графикасы», «Бұлтты бағдарламалау» құзіреттіліктері бойынша студенттер бағын сынап, жоғары нәтиже көрсетті. Чемпионат қорытындысына сәйкес, 1 – күміс «CAD инженерлік графикасы» құзіреттілігі бойынша қатысушы Құдайберген Балғынбек Байырбекұлы және жетекшісі Давлатбаев Курбанбек Калдибаевич жеңіп алды. «Желілік және жүйелік әкімшілік» құзіреттілігі бойынша қаты-

сушы Курбанов Исмайл Илхамжанұлы және жетекшісі Зульпухарова Гулжан Жолдасбековна мен «Аспаз ісі» құзыреттілігі бойынша Куралова Нұрғұл Нурбайқызы жетекшісі Нурмағанбет Динара Нурмағанбетқызы жүлделі 2 қола медальды қанжығасына байлады. 3- "Үздік кәсіп иесі" ерекше медальонмен «Графикалық дизайн» құзыреттілігі бойынша студентіміз Мустафаев Мәди Саматұлы және оның жетекшісі Мамбетов Ербол Әбдіманапұлы марапатталды. Тағы осы аталым бойынша «Жеңіл автокөлікті жөндеу және техникалық қызмет көрсету» құзіреттілігінен шәкіртіміз Амангелді Бектөре Нуржанұлы жетекшісі Бекбаев Усен Нуржанович, «Дәнекерлеу технологияларынан» шәкіртіміз Кеңесов Серік Біржанұлы және оның жетекшісі Мамбеталиев Абдималик Туралыұлы ерекше медальонмен марапатталып, облыстық чемпионатты үздік көрсеткішпен аяқтады. Колледжіміздің жоғары санатты педагогы Аринов Тонгичбай облыстық чемпионатта «CAD инженерлік графикасы» құзіреттілігі бойынша Бас сарапшы қызметін абыроймен атқарып шықты. Барлық чемпионат жеңімпаздарын және олардың жетекшілерін шын жүректен құттықтаймыз!

"Sanaly urpaq" еріктілер клубы мүшелері, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Түркістан облысы бойынша департаментінің "Sanaly urpaq" жобасы аясында 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізілген облыстық "Саналы ұрпақ-сыбайлас жемқорлыққа қарсы" атты жастар слетіне қатысып, арнайы сертификатпен марапатталды.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру мақсатында «Жас сарбаз» әскери патриоттық облыстық слеті болып өтті. «Жас сарбаз» әскери патриоттық клуб мүшелері қатысып жүлделі 3 орынды иеленді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы «22» сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген тәрбие тұжырымдамасы негізінде 8 бағыт бойынша әр оқу жылына арналған жұмыс жоспары жасалаған. Сонымен колледж жанындағы Жастар істері жөніндегі комитет «Түркістан адалдық алаңы» жобалық кеңсесі аясында, «Парасаттылық мектебі», «Саналы ұрпақ» клубы және «Ізгілік елшілері» еріктілер клубы жұмыс жасайды. «Жасыл ел» бағдарламасын жүзеге асыруда әр жылы көктем айларында көгалдандыру жұмыстары ұйымдастырылады. 2021 жылдың көктемінде 50 дана шырша ағаштары мен 100 дана жеміс ағаштары отырғызылып, гүлдендіру жұмыстары жүргізілді.

Колледж студенттері волонтерлік қызметке белсенді қатысады. Қоғамдық-пайдалы қызметке тартылған студенттер саны оқушылардың жалпы санының 30%-ды құрайды.

Дәстүрге арналған «Жас қаламгер жыр мұшайрасы» әр жылы ақпан айында ұйымдастырылады.

2018-2019 оқу жылында тәрбие жұмысының 8 бағыты бойынша 75 іс-шара өткізілді

2019-2020 оқу жылында - 29 іс - шара өткізілді

2020-2021 оқу жылында 31 іс-шара ұйымдастырылды

2019 жылы «Жастар жылы» аясында колледж ауласында «Жастар аллеясы» ашылды.

Ашылу салтанатына Келес ауданының әкімі А.Ү.Есбаев және аудандық мәслихат хатшысы А.Тотиков қатысты.

Оқу орнының қабырғасында «Қайырымды жүрек – жомарт қол» атты қайырымдылық акциясы студенттердің санасына мейірімділік, қайырымдылық ұғымдарын қалыптастырып отыратын іс-шаралар дәстүрге айналған.

Оқыту мен білім беру тәжірибесі педагогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап етеді. Сол себепті педагогикалық үрдісте заманауи технологиялық мәселе маңызды болып

саналады. Сондықтан басқару жүйесіндегі әдіснамалық жұмыс білім қызметкерлерінің кәсіптік деңгейін көтерудің және оқу-тәрбие жұмысын басқарудың негізгі құралы болып табылады. Осы бағытқа сілтеме жасайтын, бағыттайтын әрине, колледж директорының орынбасарлары.

Директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Садыкова Гулнар Сабырқызы оқыту кезеңінде инновацияға негізделген әдістемелік жұмыстарды, шығармашылықпен жүйелей дамытуда. Ұжымда әдістемелік жұмыстардың мазмұнын, жоспарын, іс-шараларды жүргізу әдістерінің тиімділігін үнемі талдап, әдістемелік көмек көрсету жұмысын ары қарай жақсартуда.

Тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары Шынаев Нұржігіт Нұрмағамбетұлы өскелең ұрпаққа білім берумен қатар әрбір жеке тұлғаны әлеуметтік ортаға бейімдеу, оларды қоғамымызда ізгілікті – адамгершілікті тұрғыдан жаңартылған азаматтар бағытында даярлауды қамтамасыз етуде.

Теориядан алған білімдерін өндірістік оқуда пайдалануда әдістемелік көмек көрсетіп, студенттердің қызығушылығы мен ізденістерін дамытуда оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары Турсунбаев Ержан Нурманұлының еңбегі ерен.

Директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары Оразимбетов Сакен Есбердіұлы жаңа технологияларды, электрондық оқулықтарын қолдануда көмек көрсетіп, пандемия жағдайында қашықтықтан оқытуға бейімделіп, сабақты онлайн түрде ұйымдастырып, мұғалімдерге бірнеше заманауи платформаларды меңгертіп үйретті. SmartNationCollege платформасымен асинхронды оқытудың жағдайында білім алушылармен кері байланыс жасауда белсенді және Zoom платформасы арқылы синхронды оқытуды кеңінен қолданды. «Google формалары мен «Google form» сервистерін қолдану арқылы студенттерге тест тапсырмаларының сілтемесі арқылы кері байланыс жасауда және бірнеше сервистердің қолдануды үйретті.

Еңбек жолында көптеген игі істерге қол жеткізгені – колледж басшысы, педагог мамандар мен студенттердің қызығушылықтары мен ерен еңбектерінің нәтижесі. Тәжірибелі ұстаз, білікті маман Жақсылық Ақылбекұлы басқарып отырған бұл білім ордасының алар белестері әлі алда екеніне сенімдіміз.

Білім мен өнерді қатар ұштастырған киелі білім ордасы алдағы күннің талабына сай зор міндеттерді орындауды мақсат етеді. Бұл тізімді шексіз соза беруге болар еді, бірақ қорыта айтқанда шәкірттеріміз ҚР-ның көпсалалы экономикасына, білімі мен ғылымына үлес қосып, дамыған өндіріске еркін қалыптасатын, кәсіби жұмысшы мамандар.